

**Азаматтық қорғау саласында даярлықтан немесе қайта даярлықтан өтуі туралы
бірыңғай үлгідегі сертификатты белгілеу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 226 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 маусымда № 9507 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 857 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 20.11.2015 № 857 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Азаматтық қорғау туралы» 11 сәуірдегі 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 2-тармағы үшінші абзацына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес азаматтық қорғау саласындағы даярлықтан немесе қайта даярлықтан өтуі туралы сертификат нысаны б е л г і л е н с і н .

2. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің оқу-әдістемелік орталықтарында және аумақтық органдарында оқытудан өткен тыңдаушыларға берілетін сертификат нысандары туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы № 541 бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі В.В. Петровка жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *В.Божко*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Төтенше жағдайлар министрінің

Азаматтық қорғау саласында даярлықтан немесе қайта даярлықтан өтуі туралы сертификат нысаны

Қазақстан Республикасы		Министерство
Төтенше жағдайлар	ҚР ТЖМ	по чрезвычайным ситуациям
министрлігі	рәмізі	Республики Казахстан
Ұйымның атауы (оқу	Символика	Наименование организации
орнының немесе аумақтық	МЧС РК	(учебного заведения или
бөлімшесінің)		территориального
мемлекеттік тілде		подразделения),
		на русском языке
№ _____ СЕРТИФИКАТ		
Берілді _____		
Выдан		
Азаматтық қорғау саласындағы даярлықтан (қайта даярлықтан) өтуі туралы		
О прохождении подготовки (переподготовки) в сфере гражданской защиты		
Тақырыбы _____		
Тема		
Білім алушылардың санаты _____		
Категория обучаемых		
Оқу кезеңі _____	Сертификат _____ дейін жарамды	
Период обучения	Сертификат действителен до	
Ұйым басшысы (оқу орнының, ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшесінің)		
Руководитель организации (учебного заведения, территориального		
подразделения МЧС РК)		
_____ аты-жөні/ ФИО		
Қолы/ подпись		
Мөр орны	Берілген күні _____	
Место печати	Дата выдачи	